

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 9) тармақшасын ресми түсіндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысы 2001 жылғы 12 қараша N 14/2. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 2 нормативтік қаулысы

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Конституциялық Кеңесінің 17.04.2017 № 2 нормативтік қаулысы.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Н.І.Өкеев, Ж.Д.Бұсырманов, А.Есенжанов, А.К.Котов, Қ.Ә.Омарханов және В.Д.Шопин қатысқан құрамда, мыналардың:

өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Т.М.Сисинбаевтың;

Қазақстан Республикасы қаржы вице-министрі Н.А.Коржованың;

Қазақстан Республикасы әділет вице-министрі А.Н.Котловтың;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің мемлекеттік қызметті жетілдіру басқармасының бастығы О.С.Минаевтың қатысуымен,

өткен ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 44-бабы 9) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы Конституциялық Кеңестің мүшесі В.Д.Шопиннің баяндамасын, отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін тыңдап шығып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны

анықтады:

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2001 жылғы 8 қазанда Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 9) тармақшасын ресми түсіндіру туралы өтініші келіп түсті. Депутаттар бұл орайда мынаны түсіндіріп беруді сұрайды: "қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі" деп нені түсінген жөн және бұл тұжырым Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын органдардың құрылымы мен штат санын белгілеуді қамтиды ма.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 9) тармақшасын түсіндірген кезде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

Конституцияның 44-бабының 9) тармақшасы, Қазақстан Республикасының Президенті Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Республиканың мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді, - деп белгілейді.

Конституцияның бұл аталған нормасы Республика Президентіне мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық органдардағы қызметкерлерді, ақшалай қамтамасыз етудің шарттары мен көлемін, лауазымдар тізілімдерін және осы қызметкерлер санаттарының тізбелерін, органдардың штат саны лимиттерін қамтитын, қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін белгілеу құқығын береді.

Республика Президентінің бұл конституциялық өкілеттігі Қазақстан Республикасының заңдарымен, атап айтқанда, "Бюджет жүйесі туралы", Z990357 _ "Мемлекеттік қызмет туралы" Z990453_ заңдармен нақтыланып, мемлекет басшысының бірқатар нормативтік құқықтық актілері арқылы жүзеге асырылады

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 575 U010575_ Жарлығымен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған органдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі ретінде еңбекақы төлеудің мерзімдік жүйесі белгіленген. Ол: лауазымдық жалақыларды, әскери атақтар бойынша жалақыларды, арнаулы атақтар, сыныптық шендер үшін қосымша ақыларды есептеу үшін базалық лауазымдық жалақыға қолданылатын коэффициенттер; Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілеріне және Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлеріне шет ел валютасындағы лауазымдық жалақылары схемасы негізінде еңбекақы төлеуді; қосымша ақылар, үстемеақылар, өтемақылар төлеуді қамтиды.

"Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімін және Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 29 желтоқсандағы N 318 U990318_ Жарлығымен мемлекеттік органдарға өздерінің құрылымдары мен штат кестелерін осы Жарлықтың ережелеріне сәйкес келтіру тапсырылған.

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z990357_ 9-бабы 1-тармағымен республикалық бюджеттің қаражатынан: Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Конституциялық Кеңестің, Есеп комитетінің,

Орталық сайлау комиссиясының, жалпы мемлекеттік басқару міндеттерін атқаратын атқарушы және басқа да органдардың; сот жүйесінің қызметін қаржыландыру көзделген.

Осы Заңның 9-бабының 2-тармағына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін ұстауға арналған шығыстар Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерімен бекітілген штат саны лимиті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерімен бекітілген мемлекеттік органдардың топтары бойынша бір қызметкерге жұмсалатын ағымдағы шығыстардың нормативтері негізге алына отырып белгіленеді.

Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың штат саны лимиттері:

Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар және Республика Үкіметінің құрамына кірмейтін өзге де органдар бойынша - "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 U990029_ Жарлығымен бекітілген. Осы Жарлықпен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталары аппаратының және Жоғарғы Соты аппаратының саны бекітілген;

орталық атқарушы органдар бойынша - "Штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 9 ақпандағы N 214 P010214_ қаулысымен бекітілген.

Бір қызметкерге жұмсалатын ағымдағы шығыстардың нормативі әр жылы Республика Үкіметінің тиісті шешімімен бекітіледі. 2001 жылға арналған норматив Қазақстан Республикасы Үкіметінің "2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеудің кейбір мәселелері" деген 2000 жылғы 2 қазандағы N 1485 P001485_ қаулысымен бекітілген.

"Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Конституциялық заңның Z952529_ 39-бабы 2-тармағына сәйкес, Парламент Сенаты мен Мәжілісі аппараттарының құрылымы мен штат санын белгілеуді, Парламент қызметін және Парламент Палаталары аппаратының, Республика Президенті бекіткен, жалпы штат санын қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты шегінде Палаталардың Бюролары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығымен Парламент аппаратының жалпы штат саны Сенат пен Мәжіліс аппараттарына бөлінбей бекітілген. Республика Президенті бекіткен жалпы

санына сәйкес, қос Палаталар Бюролары Парламенттің үйлестіруші органдары ретінде Сенат пен Мәжіліс аппараттарының штат саны мен құрылымын белгілейді.

"Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының Z000132_ 56-бабы 7-тармағына сай, Жоғарғы Сот үшін де, төменгі тұрған соттар үшін де, Конституцияның 44-бабы 9) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін штат саны шегінде, Жоғарғы Сот аппаратының құрылымы мен штат санын оның Төрағасы, ал жергілікті соттар кеңселерінің құрылымы мен штат санын - тиісті соттар төрағаларының ұсынысы бойынша өкілетті орган бекітеді.

Осылайша, мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын барлық мемлекеттік органдардағы қызметкерлердің құрылымы мен штат саны Республика Президенті және Үкіметі белгілеген лимиттер шегінде бекітілуге тиіс.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық U952737_ заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының

2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 9) тармақшасының нормасын, Қазақстан Республикасының Президенті Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті есебінен ұсталатын барлық органдардың қызметкерлеріне арналған қаржыландыру мен еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітетін конституциялық өкілеттікке ие деп түсінген жөн.

Республика Президентінің бұл өкілеттігі, мемлекет басшысы оның ең жоғары лауазымды тұлғасы ретінде Республика Премьер-Министрінің ұсынуымен, мемлекеттік қызметшілердің жалпы штат санын анықтау, олардың лауазымдары тізілімдерін және санаттары тізбелерін белгілеу негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын тиісті органдар қызметкерлерінің жұмысын ақшалай қамтамасыз етудің көлемі мен шарттары туралы түпкілікті шешім қабылдайды дегенді білдіреді.

2. Қазақстан Республикасы К951000_ Конституциясының 74-бабы

3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында

көзделген ретті ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің

Төрағасы

Мамандар:

Бағарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.